



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ғана емес, тақтаға шығартып орындату (кинестет, визуал), жаттығуларды жұппен не болмаса, топпен бірігіп орындату (аудиал, визуал, кинестет). Кинестет оқушыларға 45 минут бойы қатаң түрде қимылсыз отыру өте қиын. Жаңа материалды қабылдау үшін оқушының психологиясы қозғалысты керек қылар болса, мұғалім балалардан «қатып қалған» позицияны талап етпеуі керек.

Қазақтың ең алғаш педагогтарының бірі Ж.Аймауытов «Мұғалім істеген ісі өнімді, берекелі болуын тілесе, әуелі өз қызметін шын көңілмен жақсы көрсін» деген екен. [5] Осы сөздің тереңіне бойлай алсақ, өте мағыналы, мұғалімдер үшін ұлағатты өсиет сөз жатқанын байқаймыз. Құрметті әріптестер, «Жақсы мұғалім маған әр уақыт қат, қымбат, өйткені, ол мектептің жүрегі» деп ағартушы педагог Ы.Алтынсарин айтқанындай, мектеп үшін ең керегі – жаңашыл мұғалім екенін ұмытпайық. Білімді, ізденімпаз, барлық ісінде шығармашылық бағыт ұстанатын, оқушылардың білімі үшін ерінбей еңбек ететін ұстаз оқыту процессін өз алдында отырған кішкентай балалардың әрбірінің жеке бас ерекшеліктеріне сүйеніп ұйымдастырса, мемлекет басшысы ұсынған «Үш тұғырлы тіл» туралы идеясының үшінші құрамдас бөлігі ағылшын тілін үйренуді қарқынды түрде жеделдетері сөзсіз.

Қолданылған әдебиет:

1. Рейд Дж. Қабылдау типтерінің Екінші тіл/Шет тілі Сыныбында қолданылуы. Бостон: Хайнл&Хайнл, 1995. 45-49 б.
2. Данн Р. «Рита Данн Қабылдау типтеріне байланысты сұрақтарға жауап береді». Білім саласын басқару, 2000. 4-5 б.
3. Батлер Кэтлин А. Оқу және оқыту стильдері: Теория және практикада қарастыру. Оқу психологиясы, 2004. 24 б.
4. Эрман М. және Оксфорд Р. Интенсивті оқытуды игерудегі тіл үйрену типтері мен стратегиялары. Заманауи Тіл журналы, 1990. 74 б.
5. Ысқақұлы Д. Әдебиет сынмен көркейді, 2004. 5 б.

ОӘК: 81'272:[003.3:811.124]

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУІ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Сыдыман Танзила Жаңабекқызы

tsydyman@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің

II курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі –Н.О.Омарханова

Қазіргі уақыттың ең өзекті мәселелерінің бірі қазақ жазуын кириллицадан латын әліпбиіне ауыстыру болып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында қазақ әліпбиі 2025 жылға дейін латын әліпбиіне ауыстырылуы керек деп атап көрсетті.

«Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек».2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осылай деген болатын.[1]

Тарихқа жүгінер болсақ қазақ тілінің графикасы бірнеше рет өзгерістен өтті. VII ғ. Қазақтар руникалық алфавитті қолданды. X ғасырда ислам дінінің нығайуына байланысты руникалық алфавитті түркі тілінің ережелеріне негізделген араб жазуы алмастырды. Кеңес билігі орныққаннан кейін саясаткерлер мен сол кездің тіл мамандары араб тілі қарапайым халық үшін тым ауыр деп шешіп, 1929 жылы араб тілі латын тіліне саяси мақсатта

ауыстырылды. Кеңес үкіметінің пікірінше бұл өзгеріс мұсылмандарды дінінен айыратын бірден бір жол болды. Он бір жылдан соң тағы да саяси мақсатта латын әліпбиі кириллицаға алмасты.

Басқа елдердің тәжірибесіне келер болсақ Әзірбайжан 1922 жылы КСРО елдерінің арасында латын әліпбиіне ауысқан алғашқы ел болды. Владимир Ленин латын тіліне ауысу кезеңін «Шығыстағы үлкен революцияның басы» деп атады. Осы орайда Кеңес үкіметі тек түрік тілдерін ғана емес, сонымен бірге орыс тілін де латынға ауыстыруға құлшыныстарын білдіргенін атап кету керек.

Әзірбайжаннан кейін Орталық Азия елдерінен 1929 жылы Өзбекстан халқы латын әліпбиіне көшті. Бірақ 11 жылдан кейін өзбек алфавиті кириллицаға ауыстырылды. 1993 жылы Өзбекстанда кириллицадан латын алфавитіне ауысу туралы заң қабылданды. Бұл процесс біртіндеп жүргізілді. 1996 жылы барлық мектеп оқулықтары жаңа алфавитке аударылды. 2005 жылы орта мектеп және жоғарғы оқу орындары латын алфавиті жүйесіне келтірілді. Латын қарпіне көшкен соң, Өзбекстанда тұратын халықтың 97 пайызы өзбек тілінде сөйлейтін болған, өзбек тілі ең керекті және ең басты тілге айналған. Бірақ жазу мәселесіне келетін болсақ жасы 30дан жоғары азаматтар үшін латын тілін үйрену қиынға соққан. Әлі күнге дейін кириллица мен латын алфавиттері бір сатыда қолданылып келеді. [2]

Түркияның латынға көшу процесі сегіз-тоғыз айға ғана созылған екен. Мұстафа Кемал Ататүрік 1928 жылдың маусымында бұйрық шығарады да, сол жылдың қарашасында бүкіл Түркия латын қарпіне көшіп кетеді. Бұл процесстің тез болуының себебі неде? Олар бұл процессті жүзеге асырған функционерлер деп айтқан еді. «Бұған ғылыми күштер де араласты» дейді. Әрі саяси топтар да араласқан екен. Негізінен «биліктің басында отырған саяси элита жүзеге асырды» дейді. Барлығы бірден қабылдай қойған жоқ. Қарсылықтар да болыпты. Мұның бәрі әкімшілік әдіспен жүзеге асырылды. Өзбекстанмен салыстырғанда, Әзірбайжанда бұл процесс жеңілдірек өтті. Жеңілдеу өткен себебі, әліпби жобасын ұсынғанда, олар біріншіден бірнеше жобаны ұсынған. Екіншіден, Әзірбайжанның негізгі бөлігі әзірбайжан тілінде сөйлейді. Әзірбайжан тілі элиталық тіл болып саналып, орыс ұлтының өкілдері сол тілде сөйлеуге мәжбүр болған. Сондықтан олар да латын қарпіне көшуде өзбектердегідей бірнеше реформа болмаған. Бәрі ың-шыңсыз өткен. Өзбекстанда біршама қиындау өтті. Өзбек тілінің стандартталмағанында. Өзбектің жазба тілін зерттеген көбінесе орыс түркологтары. Ал қазақ тілінде бізде ұлы тұлға бар. Ол – Ахмет Байтұрсынов. [3]

Бәрімізді ойландырып, толғандыратын, тілге тиек ететін ортақ мәселе бар. Латын қарпіне көшу мәселесінде этнолингвистикалық бағыт бар. Бұл мамандардың алдында тұрған өзекті мәселе. Латын қарпіне көшу әңгімесінің төркіні әріде жатқанын білеміз. Президент өзінің жолдауында мұның қажеттілігін шегелеп айтты. Осы тұрғыда үш мәселеге көңіл аударғым келеді. Біріншіден, түркітілдес халықтардың тарихи мұражайын ортақ мәдени мұраға айналдыруға мүмкіндікті арттыру мәселесі, екінші – төте жолмен әлемдік информациялық коммуникативті кеңістікке ену, үшінші – болашақта қазақ мемлекетін қалыптастыру тетігін бірден іске қосу мәселесі.

Латын графикасына көшу – бізге алдымен орыс тілінің ықпалынан құтылу үшін қажет. Біріншіден, болашақта түркі халықтары латын таңбаларына негізделген ортақ әліпбиге көшеді. Екіншіден, латын әрпіне көшу арқылы біз әлемдік кеңістікке жақындаймыз. Қазақстан өзгелермен терезесі тең ел болған кезде, бұл біз үшін өте маңызды. Қарап отырсаңыз, күнделікті өмірімізде латын тілімен жиі бетпе-бет келеміз. Тауарлардың көпшілігінде ақпараттық жазулар латын тілінде жазылған. Компьютерлік техникалардың көпшілігі латын тілінде жұмыс істейді. Сондықтан латын әліпбиіне көшу арқылы біз осы мәселені шешкен болар едік. Латын таңбалары қазақтың табиғатына жақын. Мәселен, «Қазақстан» деген сөз қазір ағылшынша көбіне «KAZAKHSTAN» деп жазылып жүр. Бұл орыс тілінен алынған. Дұрысы «QAZAQSTAN» болуы керек. Латын таңбасына көшу арқылы біз өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды дәл-дәл жеткізе аламыз.

Латынға көшу шешімі алынған жағдайда байқайтын маңызды мәселе қай жүйеде көшу мәселесі. Мұнда жалпы айтқанда үш жүйе айтылуда:

Біреулер ағылшын тіліндегі нұсқасына сол күйінде өтейік, екінші біреулер түрік тілінің толықтырылған нұсқасын алайық, ал үшінші біреулер болса, латында қазақ тілінде жоқ дыбыстарға жаңа таңба табайық немесе сол дыбыстарды қос әріптермен бейнелейік дейді.

Бұларды туралы өз ойымда айтар болсам, ағылшын тіліндегі нұсқа қазаққа мүлде келмейді. Жаңа әріп немесе қос әріп пайдаланудан қазақ халпы не ұтады? Сондықтан Түркияның 90 жылға таяу уақыттан бері қолданып келе жатқан жүйесінің ғалымдар тарапынан толықтырылған 34 әріптік жүйесін пайдаланған дұрыс.

Қазақ кириллицасының 34 таңбалық латын әріптеріндегі орны					
Аа	Аа	Кк	Qq	Фф	Ff
Әә	Ää	Лл	Ll	Хх	
Бб	Bb	Мм	Mm	Һһ	Hh
Вв	Ww	Нн	Nn	Цц	
Гг	Gg	Ңн	Ññ	Чч	Çç
Ғғ	Ğğ	Оо	Oo	Шш	Şş
Дд	Dd	Өө	Öö	Щщ	
Ее	Ee	Пп	Pp	Ъ	
Ёё		Рр	Rr	Ыы	Ii
Жж	Jj	Сс	Ss	Іі	İi
Зз	Zz	Тт	Tt	Ь	
И и		Уу	Vv	Ээ	
Йй	Yy	Ұұ	Uu	Юю	
Кк	Kk	Үү	Üü	Яя	

1-сурет. Қазақ кириллицасының таңбалық латын әріптеріндегі орны.

Һәм бұл әріптерді бүкіл Түркі дүниесі пайдаланатын болса, сонда 200 миллионнан астам түркі дүниесі арасында түсіністік те, ынтымақтастық та нығаяр еді. Сөйтіп қазақ халқы бір оқпен екі қоян атып әрі бүгінгі заманауи ең үздік әліпби жүйесіне өткен болады, әрі туысқан халықтармен ынтымақтастығы күшейе түседі. Бөлінгенді бөрі жейді деген қағида әсіресе бүгінгі жаһандану дәуірінде ескеретін қағида болып отыр.

Латын әріптеріне көшкен уақытта оның іске асуында көп қиыншылық болады деуге негіз жоқ. Өйткені бүгінгі таңда әсіресе жастар ағылшын тілін де білгендіктен ертен-ақ латынға көшкеннің өзінде қиналмай оқи да, жаза да біледі. Тіпті бүгінгі таңда ғаламторда, Қазақстан латынға көшу жайында шешім қабылдамағанның өзінде, олар латын әріптерімен қазақша жазып та жатыр. Қиыншылық белгілі жастың, атап айтқанда 40-тың үстіндегі, ағылшын тілін мүлде білмейтін азаматтарда болуы мүмкін. Олар латын әріптерін бір екі күнде оқый алатын болса да, бірнеше ай сол әріптерде жазуда қиналары анық. Бірақ негізінде оңнан солға қарай жазылатын арап әріптеріне қарағанда, кириллица мен латын әріптерінің жүйесі бір.

Осы орайда пікір айтқан азаматтардың көпшілігі Қазақстанның кириллицадан латынға көшуінің қажеттілігіне баса көрсетіп жатыр. Аз ғана адам осы кириллицада айнымай қалу жайында уәж айтуда. Олардың бұл үшін айтар бір ғана себебі бар: ол, латын әріптеріне өткен жағдайда, соған дейін кириллицада жазылған кітаптар, мақалалар, журналдар не болады; Келер ұрпақ осылардағы бай рухани мәдени мұрадан көз жазып қалады деген алаңдаушылық.

Менің ойымша, мұндай алаңдаушылық орынсыз. Біріншіден, миллиондаған әдеби-мәдени-ғылыми еңбектердің ішіндегі асылы мен жасығы іріктеліп, елге пайдалы дүниелер алынады. Ал екіншіден, бұған дейінгі ішкі шармаларды латын алфавитіне аудару қазіргі интернетті технология дәуірінде қиын емес. Бізде кемінде кейінгі 5-6 жыл бедерінде Мәдениет және ақпарат министрлігі шығарған әлеуметтік маңызы бар әдебиеттердің барлығы электронды нұсқасы мен қабылданып, сол нұсқамен Ұлттық кітапханаға өткізілуде. «Мәдени мұра» бағдарламасымен шығарылған миллиондаған

тиражды кітаптардың барлығы электронды нұсқалармен сақтаулы тұр. Электронды нұсқадағы дүниелер бір сәтте-ақ белгіленген латын нұсқасына аударылатынын біз күніге өзбасымыздан кешіп жүрміз. Мысалы, «Қазақүні» («Жас қазақ үні») газетінің www.qazaquni.kz интернет нұсқасы 2009 жылдан бері басылымдар ішінде ең алғашқылардың бірі болып латын нұсқасын қатар пайдаланып келеді. Сонда қанша жылдан бергі газет нұсқасы, сайттың өзге де мақалалары «латын» деген нүктені басып қалсаңыз, бір секунд ішінде аударылып шыға келеді.[4]

Бұл мәселені жете зерттеген мамандардың айтуынша, қазіргі әліпбиімізді «қазақ әліпбиі» деп атаудың еш реті жоқ. Оны «қазақ әліпбиі» емес, «қазақ-орыс әліпбиі» деп атауға да болады. Өйткені, әліпбиіміз бір тілдің емес, әлдеқашан қос тілдің әліпбиі болып орнығып алды. Латын графикасына көшуді кешеуілдетпей, алдағы 10 жылдың көлемінде жүзеге асыру қажет. Латын әліпбиіне көшкен өзге елдер бұдан тек пайда көрген.

Ендеше болашақ- латында. Алға қарау керек. Елді осы уақытқа дейін екіге бөліп келген – кириллица. Өйткені кириллицаны орыс пен қазақ екі түрлі пайдаланады, әрқайсысы өз әріптерімен. Мысалы, ә, ү, ұ, і, ө, қ, ғ, ң, һ секілді қазақы әріптерді қазақтан басқа орыстілділерінің алфавитінде кездесе ме? Ал біз Тәуелсіз өз елімізде отырып, орыстың ц, щ, ь, ъ, э, ч, т.б. әріптерін мұртын бұзбай қабылдауға құлдықпыз. Мысалы, қазақтар Мұқтар, Қазыбек деп жазса, орысша «Мухтар, Казыбек» деп жазылады. Елді екіге бөлу-екі түрлі жазу деген осы. Бұл жерде қазақ тілінің жазылу жүйесі, орфографиялық заңдылығы ұлттық негізде, мемлекеттік дәрежеде бекітіліп, сақталмаған. Бұл кемшілікті енді латын алфавитін қабылдауда қайталамауға тиіспіз. Сонда қай тілде болса да, Mıqtar, Qazibek деп, бір тілде, тек қазақ тілінің жазылу заңдылығымен жазылуы керек. [5]

Қорыта айтқанда, орыстың рухани отаршылдығынан құтылудың, рухани тәуелсіздіктің басты жолдарының бірі – әліппе ауыстыру. Латын әліпбиіне өту- Тәуелсіздікті ойлайтындар үшін баламасыз байлам болуы керек!

Қолданылған әдебиет:

1. Gazeta.kz - Интерфакс-Казахстан. <http://news.gazeta.kz/art.asp?aid=374446>
2. Власть. ТогжанКалиаскарова, - Графика казахского языка
3. alash-orda.kz – мақала. Тарихи уақытты текке жібермейік. <http://alash-orda.kz/info/910-tarikhi-uaytty-tekke-zhbermeyk>
4. qazaquni.kz Ұлттық порталы – мақала. Орыс кириллицасының отарынан шығуға қорқатындар кімдер? <http://www.qazaquni.kz/?p=15223>
5. Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежегешығуына жол ашады. www.qazaquni.kz/14909.html... Шәкір Ыбыраев, ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясының президенті:

УДК: 378.146.014.6:378-052

ASSESSMENT OF THE STUDENT LEARNING PROCESS

Sekerbaeva Sabina

Sabina_sek@list.ru

Eurasian National University named after L.N.Gumilyev.

Student of 'foreign language: two foreign languages'

Astana, Kazakhstan

Supervisor - Latanova Raissa Uapovna

No doubt you can recall classes when you would have liked to have known what your students were learning from your lesson and whether you should proceed with the next one. Perhaps you found out what they missed from a test you gave three weeks later. Obviously it is much more cost-effective to assess your students' learning while in progress, before their shortfalls in